| «КЕЛІСІЛДІ»<br>Қазақстан Республикасының<br>Денсаулық сақтау министрі<br><br>_____________ А. Цой<br>2021 жылғы «26» қараша | «КЕЛІСІЛДІ»<br>Қазақстан Республикасының<br>Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі<br>_____________ Б. Мусин<br>2021 жылғы «29» қараша | «БЕКІТЕМІН»<br>Қазақстан Республикасының<br>Білім және ғылым министрі<br><br>_____________ А. Аймағамбетов<br>2021 жылғы «26» қараша |
|---|---|---|

Құжат түрі: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы
Тапсырманың мазмұны: Мектепте тамақтандыруды ұйымдастырудың 2021 - 2023 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеу
Аралық бақылау кезеңі: 2023 жылға дейінгі жарты жылдың қорытындысы бойынша
Орындау мерзімі: 2023 жылғы желтоқсан
Жауапты мемлекеттік орган – орындаушы: ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, ҚР ЦДИАӨМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері

**Мектеп оқушыларын сапалы теңдестірілген тамақтанумен қамтамасыз етудің**
**2021-2023 жылдарға арналған**
**ЖОЛ КАРТАСЫ**

| № п/п | Іс-шаралар атауы | Жауапты орындаушы (бірлесіп орындаушы) | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | Орындау индикаторлары |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1-кезең Ұйымдастыру және дайындық жұмыстары** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім беру жүйесімен интеграцияланған ақпараттық платформа арқылы мектеп оқушыларының асханаға баруын есепке алу және фискализациялау мәселесін пысықтау | БҒМ, ЦДИАӨМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | ақпараттық платформаны пилоттық іске қосу | 2022 жылғы 26 қыркүйек | мектеп асханаларының қызметінде электронды бақылау жүйесін қолдану |
| 2 | Бракераждық комиссиялардың, ведомствоаралық сарапшылық топтардың мүшелері үшін оқыту семинарларын өткізу | ДСМ, БҒМ, ҚТА (келісім бойынша), Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | 2022 жылғы 25 тамыз | семинарлар өткізу |
| 3 | Азық-түлік саласының қызметкерлері үшін оқыту семинарларын өткізу, оның ішінде ХАССП жүйесін енгізу, тамақ өнімдерін бақылау жүйесін бағалау құралдарын, GHP және GMP дұрыс гигиеналық тәжірибе негіздерін түсіндіру. | ДСМ, БҒМ, ҚТА (келісім бойынша), Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | 2022 жылғы 25 тамыз | семинарлар өткізу |
| 4 | Тамақ өнімдерінің сапасын бақылау бойынша ведомствоаралық сараптамалық топтардың қызметін талдау | БҒМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | сарапшылық топтар үшін ұсынымдар |
| 5 | Тамақ өнімдерінің сапасын бақылау комиссиялары (бракераждық комиссиялары) қызметінің алгоритмін әзірлеу | БҒМ, ДСМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, | комиссиялар қызметінің алгоритмі | 2022 жылғы 30 наурыз | алгоритмнің орындалуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | облыстардың әкімдіктері | | | |
| 6 | Білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту мақсатында қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселені пысықтау | БҒМ | «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне толықтырулар енгізу (207-2 б.) | 2022 жылғы сәуір | «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексін бекіту |
| 7 | Оқушыларды сапалы теңдестірілген тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру үшін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың іс-шаралар жоспарын бекіту | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | 2021 жылғы 15 желтоқсанға дейін | бекітілген іс-шаралар жоспары |
| 8 | Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, облыстарда білім алушылардың жекелеген санаттары үшін бірыңғай мәзірді бекіту және енгізу | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | есепті жылдың 15 желтоқсанына дейін | бірыңғай мәзірді бекіту |
| 9 | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, облыстар әкімдіктерінің отырыстарында Оқушыларды сапалы теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | тоқсан сайын (есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне) | әкімдіктердің отырыстарында жүйелі түрде қарастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жол картасын іске асыру мәселелерін қарау | | | | |
| | **2-кезең. Практикалық іске асыру** | | | | |
| 10 | ҚР Денсаулық сақтау мнистрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастырудың Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізу | ДСМ, БҒМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | ДСМ-дегі талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | тұрақты мониторинг жүргізу |
| 11 | ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген Мектепте бір рет тамақтандыру нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу | БҒМ, ДСМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | тұрақты мониторинг жүргізу |
| 12 | Балалардың маусымдылығы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттарды енгізуді талдау | ДСМ, БҒМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | ДСМ-дегі талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | тұрақты мониторинг жүргізу |
| 13 | Фортификацияланған ұн мен йодталған тұзды түзетін объектілердің ас блоктарында пайдалануға мониторинг жүргізу | ДСМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | ДСМ-дегі талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | тұрақты мониторинг жүргізу |
| 14 | Балалардың жекелеген санаттарын | Нұр-Сұлтан, Алматы, | БҒМ-ге | жыл сайын | білім алушыларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тегін мектеп тағамымен қамтамасыз ету | Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | талдамалық ақпарат | 30 наурызға дейін | 100% қамту |
| 15 | 1-4 сынып білім алушыларын тегін мектеп тағамымен қамтамасыз ету | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | жыл сайын 30 наурызға дейін | білім алушыларды 100% қамту |
| 16 | Мектеп асханаларында, оның ішінде электрондық әмиянды пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды енгізу | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | қалалық - 2022 жыл, ауылдық жерлерде - 2023 жыл | мектеп асханаларында электронды төлем |
| 17 | Мектеп асханаларының ас блоктарында бейнебақылау камераларын орнату | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | қалалық - 2022 жыл, ауылдық жерлерде - 2023 жыл | ас блоктарында бейнебақылау камералары |
| 18 | Интернет-ресурстарда «Мектептік тамақтандыру» айдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты *(перспективалық, күн сайынғы ас мәзірі, тағамдардың фотосуреті, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық сараптамалық топтардың актілері)*, сондай-ақ білім беру органдары мен ұйымдары пайдаланатын басқа да электрондық білім беру ресурстары мен жүйелерінде орналастыру | Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері, | БҒМ-ге талдамалық ақпарат | жыл сайын 25 қыркүйекке дейін | білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында тұрақты жұмыс істейтін «Мектептегі тамақтану» айдарын жүргізу |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚТА – Қазақ тағамтану академиясы
ХАССП (ағылш. HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points) – тәуекелдерді және сыни бақылау нүктелерін талдау үшін әзірленген және қабылданған халықаралық стандарт
ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Good Manufacturing Practice, GMP – белгіленген өндірістік практика
Good Hygienic Practice, GHP – белгіленген гигиеналық практика